




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ


ЕРЕЖЕ


«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқа: 29.11.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 б.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі мақсаты, міндеттері мен құзыреті	2
3	Кеңес қызметін ұйымдастыру	4
4	Қорытынды ережелер	5



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқа: 29.11.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 б.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Педагогикалық Кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Университет) педагогикалық кеңесінің негізгі міндеттерін, функцияларын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңымен;

- "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңымен;

- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңымен;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысымен бекітілген.

1.3 Педагогикалық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) - бұл университетті басқарудың алқалық органдарының бірі.


1.4 Педагогикалық кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

2.1 Кеңес қызметінің негізгі мақсаты колледж және мектеп бойынша оқу процесін ұйымдастыру қызметінің (бұдан әрі - Қызмет) басшылығымен Университет мектебінде және колледжінде білім беру процесін табысты іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

2.2 Кеңестің негізгі міндеттері:


- Университеттің стратегиялық даму жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;
- Оқытудың барлық нысандарын табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- Білім беру процесін іске асыру сапасын арттыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқа: 29.11.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

- Мектеп және колледж педагогтері деңгейінің сапалы өсу мәселелерін шешу;
- Университетте педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметтің беделін түсіретін білім, ғылым және шығармашылықта сыбайлас жемқорлық пен академиялық этиканы бұзудың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу.

2.3 Негізгі міндеттерге сәйкес Педагогикалық кеңес мәселелерді қарастырады:

- 1) оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру;
- 2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
- 3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;
- 4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі мен психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы деректер негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
- 5) білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу, оларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курсқа қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат беру жөнінде шешімдер қабылдау; жалпы орта білім туралы үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама;
- 6) оқу жүктемесін бөлу, педагогтерді аттестаттауға, марапаттау мен көтермелеуге дайындау;
- 7) білім беру ұйымының үш тілде оқытуға көшуі;
- 8) экстернаттық оқыту нысанында білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу, өткізу;
- 9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысатын білім алушылар үшін жеке жұмысты ұйымдастыру;
- 10) сабақ кестесін жасау;
- 11) білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіру;
- 12) білім алушының эмоционалды-еріктік және тұлғалық дамуын зерделеу;
- 13) ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау үшін оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты қиындықтары бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу бойынша ұсынымдар;
- 14) бір оқу жылы кезеңінде кәсіби қызметке алғаш рет кіріскен педагогке бекітілетін тәлімгерді айқындау арқылы жүзеге асырылады;
- 15) басшылардың, педагогтердің, концертмейстерлердің, оқу-көмекші персоналдың біліктілігін арттыру мәселелері, біліктілікті арттырудың жаңа нысандарын пайдалану;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқа: 29.11.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 б.

16) жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша педагогтарды даярлау, жас мамандарды педагогикалық қызметке тарту;

17) басшы және педагог кадрларды аттестаттау және аттестаттауға даярлауды ұйымдастыру жүйесін жетілдіру;

18) түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері;

19) білім алушылардың тәртіп жағдайы, білім алушылардың үлгерімсіздігі, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны және жатақханада тұрғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жекелеген жағдайларда білім алушыны білім беру ұйымдарына қайта қабылдау мәселелері.

3 КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Кеңес құрамына Университеттің барлық педагогтары кіреді.

3.2 Кеңес құрамы Университет ректорының бұйрығымен бір оқу жылына бекітіледі.

3.3 Кеңес төрағасы Университет ректоры болып табылады. Кеңес өз құрамынан хатшы сайлайды.


3.4 Кеңес отырыстарына Кеңестің барлық мүшелері шақырылады. Кеңес отырыстарына университеттің проректорлары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, университеттің медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары, ата-аналар комитетінің, университеттің қоғамдық ұйымдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

3.5 Кеңес жұмысы бір оқу жылына әзірленіп, Университет ректорымен бекітілетін жоспарға сәйкес жүргізіледі.

3.6 Кеңес отырыстары жоспарлы (жылына кемінде бес рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын әзірлеуді, рұқсат етілген жүктемелерді айқындауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттілігін көздейтін педагогтар мен Университеттің басқа да қызметкерлерінің немесе ата-аналардың сұраулары бойынша ұйымдастырылады) болып бөлінеді.

3.7 Отырысты өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жоспарланады. Баяндамашылар отырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хатшыға тиісті құжаттаманы ұсынады. Кеңес отырыстарының уақыты, орны және күн тәртібі Университет әкімшілігімен келісіледі.

3.8 Шешім қабылдау бойынша дауыс беру ашық өткізіледі. Кеңес шешімдері, егер оларға отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқа: 29.11.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 б.

3.9 Кеңес отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімдері мен орындауға жауапты адамдар көрсетілген шешім шығарылады. Кеңестің кезекті отырыстарында Төраға алдыңғы Кеңестің шешімін орындау нәтижелері бойынша қорытынды шығарады.

3.10 Кеңес отырыстары хаттамамен ресімделеді, оған Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.11 Кеңестің хатшысы Кеңестің іс жүргізуіне жауап береді.

3.12 Кеңес отырыстарының хаттамалары қызметтің істер номенклатурасында тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Университет бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.